

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының саны туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 8 қаңтардағы N 3315 Жарлығы.

Ескерту. Жарлықтың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2012.02.04 № 266 Жарлығымен.

"Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 20 желтоқсандағы N 2694 Конституциялық заң күші бар Жарлығының 29, 74-баптарына сәйкес қаулы етемін: Z000132

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мыналарды қоса алғанда 65 судьядан тұрады деп белгіленсін:

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасынан;
Жоғарғы Сотының сот алқаларының төрағалары.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 1999.09.29 N 221, 2012.02.04 № 266; 16.11.2015 № 112 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

1-1. Алып тасталды – ҚР Президентінің 10.06.2023 № 252 (15.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

2. Алынып тасталды - ҚР Президентінің 29.09.1999 N 221 Жарлығымен.

3. "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының саны, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының құрылымы мен штаты туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 наурыздағы N 2909 Жарлығының күші жойылған деп танылсын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1997 жылғы 8 қаңтардағы
N 3315 Жарлығына
Қосымша

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының құрылымы мен штаты

Ескерту. Қосымша алынып тасталды - ҚР Президентінің 29.09.1999 N 221 Жарлығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК